Aýyl jańalyǵy

СЕЛЬСКАЯ НОВЬ

№ 99 (8954)
Бейсенбі 3 желтоқсан 2020 жыл

Газет 1940 жылдан шыға бастады

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

"ЕЛІМІЗДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕСІН БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ІЛГЕРІЛЕТІП, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУДА СЫНДАРЛЫ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ТАНЫТУ КЕРЕК"

Президент
Қасым - Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТТЕРІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ МЕРЕЙІ

Ауыл шаруашылығы – біздің байзақтық тұрғындардың ата кәсібі. Өндірісі өркендемесе де, өрісте малы мыңғырған мекен, дәнді - дақылы мол өскен өңір бұл. 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, аудан орталығында мерекелік шара ұйымдастырылып, онда аудан әкімі Нұржан Нұржігітов барша аудан жұртшылығын құттықтады.

Әлбетте, жақсылықтың жақсылыққа жалғасқанының көрінісі болған сәтте еліміздің Тұңғыш Президенті күні және ауыл шаруашылығы ...ызметкерлері күні мерекелеріне арнап, құттықтау ...өз сөйлеген аудан басшысы шаруалардың ...тымдағы жылы мол өнім алғанына назар ...дарды. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын ...мыта отырып, халықтың ал-ауқатын жақсартуға ...налған «Жамбыл облысы тұрғындарының ...рмыстық табысын жақсарту» жобасы аймақта ...үзеге асырылғанын атап өтіп, оған аудандағы ...Өстөбе және Түймекент ауылдық округтері ...мтылғанын жеткізді. «Ел ырысы үшін еңбек ...уден артық бақыт жоқ деп түсінетін ауыл ...аруашылығы еңбеккерлерінің төл мерекесі ...кен маңызға ие. Халықтың ал - ауқаты мен өмір ...пасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының ...амуымен тығыз байланысты», - деді Нұржан ...Молдиярұлы.

Соңғы жылдары мал шаруашылығымен қатар ...тін, бақша салу жұмыстары айтарлықтай жолға ...ойылды. Шаруалар аудан сұранысын ғана ...мес, облыс нарығын да, алыс – жақын шет ...мелекеттерді де сапалы тауармен қамтамасыз ...туге қол жеткізуде. Аудан әкімі төл мерекеде ...уыл шаруашылық саласына еңбек сіңірген ...аруа қожалық иелерінен бастап қарапайым ...алшы, механизатор, диқан мен жұмысшыларға ...құрмет көрсетті. Салтанатты марапаттау ...асімінде ауыл шаруашылығы саласында ...аруді жетістіктерге жеткен бірқатар азаматтар аудан әкімінің Грамотасымен, Алғыс хатымен, аудандық мәслихаттың Алғыс хатымен, «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының Алғыс хатымен, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы облыстық филиалының III дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен, Құрмет грамотасымен, «Үздік егін шаруашылығы – 2020», «Үздік мал шаруашылығы – 2020», «Үздік ауыл шаруашылығы тауар өндіруші – 2020», «Үздік механизатор - 2020», «Үздік шопан - 2020», «Үздік сауыншы - 2020», «Үздік суашы - 2020», «Үздік жұмысшы - 2020», «Үздік қант қызылшашысы - 2020», «Үздік агроном - 2020», «Үздік мал дәрігері - 2020», «Ауыл шаруашылығы саласының үздік тілшісі - 2020» марапаттары бойынша берілген марапаттарға ие аталымдары болды. Марапаттау рәсімін аудан әкімі Нұржан Нұржігітов, аудандық мәслихат хатшысы Нұржан Тлепов, аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шолпан Байтақова, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы облыстық филиалының басшысы Базантай Данияров, аудан әкімінің орынбасары Болат Сағынбеков, аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әлібек Қуанышев атқарды. Марапат соңы аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйі көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Ауыл шаруашылық саласы мамандары бұл жолы да дәстүрге сай өз өнімдерінің көрмесін ұйымдастырды. Сол күнгі ауа-райы аса жайлы болмаса да, жәрмеңкеге келген халық аз болмады. Аталмыш жәрмеңкеде сиыр еті - 1850 теңгеден, жылқы еті - 1950 теңгеден, қой еті - 1800 теңгеден, бал - 1500 теңгеден, картоп пен сәбіз және қырыққабат – 90-140 теңгеден, пияздың келісі 60 теңгеден, тауық жұмыртқасы (он данасы) 250 теңгеден саудаға шығарылды. Кейбір өнім түрлері базар бағасынан 15-20 пайызға арзанға саудаланғанын айта кеткен абзал.

Көктемде дән себіп, жазда егінді өңдеп, күзде шашаусыз жинап алған диқандар енді аздап бір дем алып, келер жылғы дала жұмыстарына кіріспек. Олар техника паркін тағы бір жаңалап, малды шығынсыз қыстан аман алып қалуға қамдануда.

Мұхтар ШАЛҒЫНБАЙ,
"Aýyl jańalyǵy".

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – ЕЛІМІЗДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына биыл 86 жыл толды. Университет құрылғаннан бері Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына зор үлес қосып келеді. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық ғылым мен білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласында әлемнің көшбасшы университеттерінің біріне айналды.



Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-студенттерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

Университетте кәсіби білім беру көпсатылы жүйесі бойынша 25 мыңнан астам бакалавр, магистранттар мен докторанттар білім алуда. Университет тәжірибе жүргізу мен студенттермен алмасуда және заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда әлемнің ең ірі 418 халықаралық жоғарғы оқу орнымен ынтымақтастық орнатты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Ә.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165 орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей ілгерілеу «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып, шетелдік сарапшылар назарын өзіне аудартты. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамуының жарқын үлгісі халықаралық академиялық ортада белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-ның оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Times Higher Education» (THE) беделді әлемдік рейтингісінде дамушы елдердің 201-250 үздік жоғары оқу орындарының тобына енді. Нарықтық экономикасы дамып келе жатқан елдер университеттерінің 2019 жылғы рейтингісін құру барысында келесі көрсеткіштер ескерілді: университеттердің ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігі; оқытушылар құрамының және жүргізілетін зерттеулердің деңгейі; ғылыми мақалаларды жариялау және дәйексөз келтіру; халықаралық ынтымақтастық және басқалар. THE рейтингісіне әлемнің 43 елінен 442 университет ұсынылған.

«Academic Ranking of World Universities-European Standard» (ARES) беделді еуропалық рейтингінің зерттеулері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «АА+» жоғары бағасына ие болып, жетекші еуропалық университеттердің қатарына енді.

ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айналу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде және ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, бұл оның халықаралық рейтингілерде табысты ілгерілеуіне ықпал етеді.

Қазақ ұлттық университеті Қазақстанның болашағын дайындап жатқанын нық сеніммен айта алады, себебі университет түлектерінің көпшілігі Қазақстан қоғамының элитасын құрайды және еліміздің даму бағытының қалыптасуына атсалысады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір көшбасшысы.

Арайлым ЖАҚСЫЛЫҚ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нын «Экономика және Бизнес Жоғары мектебі» факультеті «Менеджмент» кафедрасының магистранты.

Сәуле КУПЕШОВА,
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

21 қазан 2020 жыл №431 Сарыкемер ауылы

БАЙЗАҚ АУДАНЫНДА СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес, Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ ауданында спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дәуір Рысбайұлы Дәулетовке жүктелсін.

Аудан әкімі **Н. Нұржігітов**

Байзақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 431 қаулысымен бекітілген

БАЙЗАҚ АУДАНЫНДА СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Байзақ ауданында спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық [illegible]

... және спорт министрінің 2014 жылғы 4 карашадағы № 74 бұйрығымен бекітілген «Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларына» сәйкес әзірленеді.

7. ДШСБ-не хабарланбаған немесе уақытылы хабарланбаған спорттық жарыстар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Кодексінің 488-1 - бабының талаптарын сақтамаған болып есептелінеді *(488-1 бап. 1. Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібін жергілікті атқарушы органдарға дене шынықтыру және спорт туралы заңнамада ... бермеу немесе уақтылы бермеу түрінде бұзу – ...)* [illegible]

1) спорттық-бұқаралық іс-шаралар (200 ж...

2) қатысушылардың санына қарамастан ...
өткізілетін;

3) қатысушылардың санына қарама...
келушілермен өткізілетін;

5) қатысушылардың санына қарама...